

Павлодар қаласының жағалауындағы теңіз минасы



Павлодарда, қаланың дәл ортасында Ертістен 20 метрдей шамасында ...мина жатыр. 60 жыл бойы қалалық құтқару станциясының аумағында жатыр. Мина өзінің тарихын Тынық мұхиттың жағасынан, бұрынғы Кеңес Одағының қиыр шығыстық шекараларынан бастады.

КСРО-да 50 жылдары суда құтқару қызметінің қайта өрлеуі басталды. Осы уақытта Павлодарда соғыста болған аға лейтенант Н.А.Акуловтың бастамасымен теңіз клубын ашуға шешім қабылданды. Бұл жұмыс белсенді басталды: КСРО флоттарының басқарушылары көмектесті, клубтың атына сыйлықтар келді - әр түрлі әскери-теңіздік атрибуттар. Оның ішінде 1905 үлгісіндегі Макаров жүйесінің теңіз минасы болып шықты. Минаның корпусынан заряд алынды, ол флотта үйрену мақсатында пайдаланды.

Мина 1957 жылы құтқару станциясында орнатылды. Содан бері аспан астында бәріне өзінің сұсты түрімен әсер етіп жатыр.

Теңіз жіктеуіне сәйкес, «Павлодар» минасы контакттыларға жатады – ол объектпен қақтығысқанда іс-әрекет жасайды. Жарғыш мінездемесі бойынша «гальваноударная» деп аталады. Соңындағы компонент корпусының сыртында қорғасын қалпақтарға кигізілген

бірнеше батареякалардан құрылған. Қызықты деталь - 1812 жылы осы миналардың түп бейнелерін орыс ғалымы П.Л.Шиллинг ойлап тапқан. 1840 -1850 жылдары миналарды академик С.Якоби жетілдірді және соғыс тарихында Севастопольды қорғауда табыспен пайдаланылды.

Павлодар жағалауында арнайы арбада одан артық жетілдірілген жарылғыш құрылғының зәкір нұсқасы жатыр.

Мина нұсқасы – бүгінде өте сирек кездесетін зат. Оны тек қана Владивостоктағы теңіз мұражайында және Петропавловск-Камчатскийдің тарихи-өлкетану мұражайында кездестіруге болады. Өзінің қиратқыш күшін жоғалтып, біздің тарихымыздан кеткен жок, энтузиасшылар арқасында адамдардың есінде лайықты орын тапты.



Ардагер-машина (ЗИС-5)

Машина-ардагер ЗИС-5 – автомобиль-ескерткіш. Экспозицияда қойылған «Урал-ЗИС» автомобилі Челябі облысының Миасс қаласында Урал автомобиль зауытында 1944(45) жылы шығарылған.

Ұлы Отан соғысынан кейін 2565 павлодар автоколоннасына бұйрық түсті – Қарағанды облысына барып машиналар қабылдап алу. Машиналар жаңа емес, көбі соғысты өткен. Біреуі, ЗИС-5 кузовсыз болды, оның үстінде соғыс кезінде «Катюша» тұрған. Г.Ваньковтың бастамасымен кузов орнатылып, 1941-45 деген сандар жазылды.


Г.Ваньков бұл машинада 19 жыл жұмыс істеді. Өзінің ЗИС-5-інде Г.Ваньков мақтанышпен мерекелік шерулерге қатысты.

1976 жылы 27 қазанда автоколоннаның кәсіподақ комитетінен Н.П.Коваленко және М.И.Самарцевтың бастамасымен ЗИС-5 тұғырға қойылды. Мемориалдық жазбада айтылғаны : «Бірінші бесжылдықтарда Павлодар өңірінің халық шаруашылығын көтерген және Ұлы Отан Соғысы жолдарын ЗИСтармен өткен, тың игерушілерге жүк тасушы ардагер автомобилистердің құрметіне орнатылған».

Бірақ 1992 жылы ескерткіш орнында жол салмақшы болған, сондықтан оны тұғырдан алып Ваньков гаражға қойды.

Қайта құру қиын жылдарынан және кәсіпорын реформаланғаннан кейін автоколонна жойылды және ескерткіш есептен алынды, ол автомобиль 2001 жылы облыстық тарихи өлкетану мұражайына табысталды.

Сталиннің вагоны



Әңгіме Павлодар жол бөлімшесіндегі (қазір «Қазақстан темір жолы») тұйықта тұрған теміржол вагоны туралы болмақ. Бұл вагон 1913 жылы Петровский вагонжасаушы зауытында жасалған. Биылғы жылы оған 100 жыл толады. Бұл вагонның шыққан тегі ерекше. Ол Романовтар әулетінің ақырғы патшасы Николай үшін жасалған, бірақ олар көп пайдаланған жоқ. Содан соң бірнеше жылдар онымен бір кісі ғана пайдаланды: И.В.Сталин. Онда Сталин оңтүстікке демалуға, ал Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеңімпаздар Потсдам конференциясына барды.

Сталиннан кейін КСРО –ның жол қатынасы министрі жүрді. Сосын вагон ұзаққа Целинная теміржол басқармасына бекітілді, бірнеше жыл (1977 ж. бастап) ол Павлодар теміржол бөлімшесінің бастығы А.Сарқыншақовтың билігінде болды.

...10 жыл вагон Сарқыншақовтың екінші үйі болды. Жұмыс кабинетіндегі барлық жиһаз сияқты карель қайыңынан жасалған үлкен үстел басында сегіз адам сиятын. Ал кеңейтілген отырыстар болып қалғанда, қайырмалы орындықтар мен үстелдер қарастырылған. Кабинет қасында – ұйықтайтын және жуынатын бөлме. Одан кейін – хатшының немесе адъютанттың купесі, ас әзірлейтін бөлік.

Купе толығымен жан жақтан құрышталған, әйнектері автоматты тәсілмен ашылады. Вагон салмағы 98 тонна, немесе кәдімгі жолаушылар вагонынан екі есе үлкен. Вагон түбінде қорғасын тілімдер төселген салмағы 62 тонна, вагон ешқашан аударылмайды. Вагон жалғыз ғана жасалған.

Вагон кәдімгі болмаса да қандайда бір байлығы болған жоқ. Бірақ оның қауіпсіздік жүйесіне тең келері болмады. Құрыштан жасалған тұратын және жұмыс бөлімдерін бөліп тұрған есіктердің 250 килограмм салмағы бар. Олар тек ішінен сигнал бойынша ашылады және кіргеннің артынан автоматты жабылады. Вагон терезелері 10 мм –лік болатпен жабылған.

«Полонсо» үлгісінде жасалған кузовымен номер Ц4 құрыштан жасалған салон-вагон , ақырғы қожайыны Целинная теміржол бөлемшесінің бастығы А.Сарқыншақов болған. Вагон Сарқыншақовтың коттеджі және ғылыми-техникалық кітапхананың екі ортасында орналасқан. Толығымен торлы биік дуалмен қоршалған және оны шығарып алу табысты болған жоқ.. Павлодар , Геринг және Дерибас көшелерінің бұрышы, 2008 жылы тамыз айы.

Бұл вагон Павлодардың көрікті орны болып саналады. Оны қаланың жоғары дәрежелі қонақтары келіп көреді.